



КОЛЛЕДЖ ТҮІНЫСЫ

№2 5 қараша 2019 жыл сейсенбі




10.10.2019ж. Психологиялық қызметі мен наркобекет комиссиясымен бірлесе отырып, Халықаралық қыздар күніне орай наркобекет комиссиясының

жетекшісі А.Б. Султанаеваның ұйымдастыруымен «Нашақорлық ғасыр дерті!» тақырыбында дәріс өтті. Дәріске 210, 211 топ, «Емдеу ісі» бөлімінің студенттері қатысты. Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығының маманы Ниязалиева Айнұр Асқарқызы шақыртылып, студенттерге түсіндірме жұмыстарын айтып, дәріс соңында бейнеролик көрсетті. Мақсаты: жастардың болашаққа деген көзқарастарын дұрыс қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Есірткі заттардың адам денсаулығы мен бүкіл өміріне зиян екенін көрсетіп, спортпен шұғылдануға тарту. Қыз балалардың болашақ ана ретінде зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.



11.10.2019ж. Психологиялық қызметінің ұйымдастыруымен, Халықаралық қыздар күніне арналған «Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар» тақырыбында пікірталас өткізілді. Пікірталас 1 курс студенттерінің және тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К.Мейрманова, колледж психологы А.Н.Оскенбаеваның қатысуымен өтті. Мақсаты: халықтық тәлім – тәрбие негізінде қазіргі қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру жолдарын көрсету, адамгершілікке үндеу.



11.10.2019ж. Психологиялық қызметінің ұйымдастыруымен, Халықаралық қыздар күніне арналған «Жасөспірімдердің денсаулығы» тақырыбында диспут өткізілді. Л.К.Мейрманова сөз алып, кәмелет жасына толмаған жастардың аяғын андап басудың басты алғышарттарымен таныстырса, А.Н. Оскенбаева сөз алып, ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен денсаулығына кесірін тигізсе, болашағына балта шабатынын айтты.

Сонымен бірге, жұқпалы инфекциялардың түрлері, оларды жұқтырудың жолдары, салдары туралы тереңнен «акушерия және гинекология» пәнінің оқытушысы Ә.Ж. Кеңесбекова түсіндіріп, соңында студенттерге бейнеролик көрсетті.



23.10.2019ж. Психологиялық қызметі мен Жастар денсаулық орталығы бірлесе отырып, Халықаралық қыздар күніне орай «Тұрмыстағы зорлық-зомбылық» тақырыбында мамандармен кездесу өткізілді. Кездесуге колледж психологы: А.Н. Оскенбаева, ЖДО психологы С.Ж. Жайлау және «Жастар» ЖДО заңгер маманы Ф.Д. Бералы қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Семинар-тренинг

4



18.10.2019ж. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жылдық жоспарға сәйкес «Вирусты гепатиттің алдын алу және ЖРВИ алдын алу» тақырыбы бойынша Жамбыл медициналық колледжінің «Б корпусында студенттер арасында семинар-тренинг өткізілді. Іс - шараны өткізген СӨС төрайымы Токкулиева Г.С және инфекционист дәрігері Блеменова Б.Б. Іс - шара барысында аудио-видео таспалар көрсетілді. Парақшалар мен буклеттер таратылды. Студенттер өз сұрақтарына жауап алды.

Латын әліпбиіне көшу - заман талабы

5



15.10.2019 ж. Колледждің «Рухани дамыту» орталығында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Латын әліпбиіне көшу – заман талабы» тақырыбында 1, 2 курс студенттері арасында пікір-сайыс өткізілді. Бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған «Латын әліпбиіне көшу» туралы өз ой-пікірлерін ортаға салып, заман ағымына сай өмір сүре білу керектігін тілге тиек етті.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№2 5 қараша 2019 жыл сейсенбі

Көрмеге саяхат

6



11.10.2019ж. «Мейіргер ісі» бөлімінің 207, 208 топ студенттері Елбасы Н.Назарбаевтың архив, кітапхана, музей қорларынан алынған бірегей материалдарынан жасақталған «Дәуір, тұлға, қоғам» тақырыбындағы көшпелі көрмесін тамашалады.

Жамбыл жоғары медициналық колледж директорының кубогі

7



27.10.2019 ж. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» тақырыбында дәстүрлі VI «Жамбыл жоғары медициналық колледжі директорының кубогі» атты облыстық пікірсайыс турнирі өткізілді. Тараз қаласынан М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті, Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжі, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, Жамбыл экономика және ақпараттық технологиялар колледжі, Тараз политехникалық колледжі, Қазақ-түрік колледжі, Тараз инновациялық колледжі, Астана көпсалалы колледжі және Сарысу ауданынан Жанатас көпсалалаы колледжінен пікірсайысшылар қатысты. Сондай-ақ турнир барысында ұйымдастырылған сергіту ойындарының жеңімпаздарына, ойын жеңімпаздарына алғыс хат, дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

"Miss medic - 2019"

8



01.11.2019 жылы Тәрбие бөлімі және «Қазақстан Студенттер Альянсының» белсенділерінің ұйымдастыруымен "MISS MEDIC - 2019" байқауы өткізілді.

"MISS MEDIC - 2019" байқауында Бас жүлде иегері 107 топ студенті Шайжан Аяжан иеленді. 1 орын иегері 103 топ студенті Такмай Қаламқас марапатталса, 2 орын иегері 106 топ студент Батырбекқызы Айгерім, 3 орын иегері 101 топ студенті Тұрғанғали Аружан алғыс хатпен марапатталды.

Қамқоршылар күні

9



31.10.2019 ж. «Қамқоршылар күніне арналған әлеуметтік-педагог А.А. Буксукбаеваның ұйымдастыруымен іс - шара өтті. «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазды, «Жылулық» атты қол өнер байқауы,

«Мейірімі мол жандар» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: қамқоршы-қорғаншылар мен балалар арасындағы дұрыс қарым-қатынасты орнату, балаға дұрыс жолды бағыттай білуі, отбасында жақсы психологиялық ахуалды сақтай білу. Іс - шараға қатысқандар тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К. Мейрманова, бөлім меңгерушісі Ж.Б. Қалымбетова, студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.Р. Абдрахманова, топ кураторлары, қамқоршы - қорғаншылар.

Әдеби - сазды кеш

10



09.10.2019 ж. №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне арналған «Тілді қадірлеу- ұлтты қадірлеу» атты әдеби - сазды кеш өткізілді. Кеш өз мақсатына жетті.

Мамандармен пікірлесу

11



30.11.2019ж. Колледждің «Балауса» қыздар клубы мен «Елу жылда - ел жаңа» ұйымымен бірлесе отырып, «Қыз еркем - анасымен көркем» тақырыбында мамандармен пікірлесу өтті.